

## Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

Мамандығы:

Құқық қорғау қызметі

Шифр: 6В12301

Пән: Азаматтық құқық

4. Дәріс кешені

1 модуль. Азаматтық құқықтың жалпы ережелері

**1Тақырып:** Сатып алу-сату шартын құқықтық қамтамасыз ету.

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, тұтынушы, кепілдік мерзімі, кәсіпкер т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы сату сатып алу шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы сату сатып алу шартының негізгі ережелерін саралау, сатып алу сату шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Сатып алу-сату шартының түрлік сипаттамасы. Сатып алу-сату шартының түсінігі және маңызы, сипаттамасы. Сатып алу-сату шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүлікті беру мерзімі, саны, сапасы бойынша шарттың талаптарын бұзған кездегі тараптардың жауапкершілігі. Кепілді мерзім және кепілді мерзімді есептеу тәртібі. Тауардың жарамдылық мерзімі. Сатушының шартты орындау сәті. Сатып алынған мүлікке сатып алушының меншік құқығының пайда болуы. Тауардың кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ жойылу қаупінің сатып алушыға ауысуы.

Бөлшек сатып алу-сату шартын құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Тауар жеткізілімі шартының жалпы сипаттамасы. Тауар жеткізілімі шарты талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Тауар жеткізілімі шартын орындаудан бір жақты бас тарту негіздері. Энергиямен және басқа қор мен жабдықтау шарттары. Үй, ғимараттарды сату. Кәсіпорындарды сатып алу, сату.

**Тезис:**

Сатып алу-сату шарты сияқты мүлікті жалдау шартының да өзінің бірнеше түрлері бар. Бұл түрлердің айрықша болуы олардың пәнінің, мақсатының, сонымен қатар басқа да факторлардың ықпал ету ерекшеліктерінің нәтижесі. Қолданыстағы азаматтық кодекспен, лизинг, кәсіпорынды жалдау, үйлер мен ғимараттарды жалдау, көлік құралдарын жалдау шарттары реттелген. Мүлікті жалдау қатынастарының түрлері бұл тізіммен шектелмейді.

Көлікті жалдау шартының реттеуші ролі оны заң және нормативтік актілермен жақындастыра түседі. Шарттың құқықтық нормадан алдымен екі ұстанымдық ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Біріншісі мінез-құлық ережесін сақтауға байланысты: шарт – тараптардың ерігін, ал құқықтық акті оны шығарған органның еркін білдіреді. Екіншісі кез-келген мінез-құлық ережесінің іс-әрекет шегін айырып отырады: шарт тарап болып саналмайтын оның тараптарының мінез-құлықтарын реттеуге есептелген және ол міндеттерді құра алмайды, тек құқықтарды құрайды, сонымен қатар, құқықтық және басқа нормативтік актінің негізінде баршаға және әрқайсысына жалпы бірдей ережелер туындайды (құқықтық актінің қолданысы жүретін кез-келген тұлғалар ортасы онымен белгіленбейді). Аталған екі ерекшелік те тек азаматтық-құқықтық шартты айрықшалайды және көлік құралдарын жалдау шартында негізгі қағида. Көрсетілген ерекшеліктері жоқ шартта (бұл жерде – бұқаралық-құқықтық шарттардың сан қилы түрлері) оны нормативтік актіден ерекшелендіріп тұратын шекара жоқ болып кетеді. Алайда нәтижесінде барлық жағдайда тараптардың ерігі бұқаралық шарттардың басты маңызы болып саналады.

Азаматтық құқықтағы көлік құралдарын жалодау шарт ұғымы бір-бірінен үзілмес өзара байланысқан екі элементтер тобынан тұрады. Оның біреуі шарттың заңдық

құрылысын, екіншісі – оның мәндік сапасын сипаттайды. Бұл элементтер тек қосылған жағдайда ғана көлік құралдарын жалдау шарты белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамдығы өзінің мәртебесіне ие болады. Мұндай ұғымның ғылымдық маңызы өте зор. Сонымен қатар, ол нарықтық экономика жағдайында шарттың қолдану аясы мен басты қызметтерін белгілей келе, тәжірибелік міндеттерді де шешіп отыр.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

**2 Тақырып: Мүлікті жалдау шарты. Мүлікті жалдау шартының түрлік сипаттамасы**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, ағымдағы жөндеу, күрделі жөндеу т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы жалдау шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы жалдау шартының негізгі ережелерін саралау, жалдау шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Мүлік жалдау шартының түсінігі, мазмұны. Мүлік жалдау шарты бойынша тараптардың құқтары мен міндеттері.

Қосымша жалға беру. Мүлікті жалдау шартын орындау. Жалға алушылардың мүлікке жасаған жақсартуларының құқықтық салдары.

Мүлік жалдау шартының түрлік сипаттамасы. Тұрмыстық прокатты құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жалдаудың құқықтық ерекшеліктері.

Лизингтік қатынастардың құқықтық табиғаты.

Транспрт құралдарын жалдаудың құқықтық реттелуі. Транспорт құралдарын жалдаудың түрлік сипаттамасы.

**Тезис:** Мүлікті жалдау қатынастары Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің 29-таруында реттелген. Аталған тараудың бірінші параграфында мүлік жалдау шартының жалпы ережелері қамтылған. Мүлікті жалдау қатынастарын реттеу азаматтық кодекспен шектелмейді, ол басқа да нормативтік актілермен реттелуі мүмкін. Азаматтық кодекстің диспозитивті сипаты мүлікті жалдау шартына да қатысты қолданылады, сондықтан осы шарттардың қатысушыларында негізгі нормаларды өзгерту және оларды өздерінің қажеттіліктерін қанағатандыруға ыңғайландыруға мүмкіндік береді.

Көлік құралдарын жалдау шартының заңдық құралғысы – шартқа қатысушылар арасындағы байланыстың қызмет етуін қамсыздандыратын құқықтық сипаттағы заңмен қарастырылған өзара байланысты компоненттер жүйесі. Бұл компоненттерге тараптардың келісімі мен оған қол жеткізу тәртібі, шарт мазмұнының құрылымы (қарыз беруші мен тұлғаның құқықтары мен міндеттері), шарттың орындалу тәсілі, шарттық міндеттемелерді орындамағаны және дұрыс орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілік шарттары мен

көлемі жатады. Шарт қатысушылардың азаматтық айналымындағы белсендіктің мінсіз нысаны болып қызмет жасайды. Қоғам тарихындағы оның әлеуметтік-экономикалық өзгеруіне қарамастан шарт құрылғысы заң техникасының туындысы ретінде өз негізінде өте тұрақты болып қалып отырғанын атап өтудің маңызы зор.

Уақыт келе мүлікті жалдау шарттары арқылы қоғамдық қатынастар жүйесінің дамуымен бірге жеке тұлғалармен қатар азаматтық құқықтың жеке субъектілері деп танылған – заңды тұлғалар әлеуетті қатысушылардың құрамы кеңейе түсті. Әсіресе шарттық құқықтарды құруда қолданылатын элемент комбинацияларын күрделендіретін заңнамада қарастырылған шарт үлгілері көп қилы болып кетті.

Белгілі бір өзгерістер бар шарт туралы көп мағыналы ұғым тәжірибелі түрде ҚР АҚ-де және басқа елдердің азаматтық кодекстерінде іске асырылды.

Көлік құралдарын жалдау шарты-азаматтық-құқықтық шарттардың бірі болғандықтан жалпы шарт институтымен реттеледі. Бұрынғы кеңестік және кеңес аумағындағы заңи әдебиеттерінде орын тапқан шарт туралы көп мағыналы ұғым бірқатар авторлардың жұмыстарында тізбектеліп келтірілген. Ол әсіресе О.С.Иоффе зерттеулерінде нақты берілген. Екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқық қатынасының туындауы, өзгеруі немесе тоқтатылуы туралы келісімін шарт деп мойындай отырып, Иоффе: «Кей кезде осы келісімнен туындайтын міндеттеменің өзін шарт деп түсінеміз, ал кейбір жағдайларда бұл терминмен барлық қатысушылардың еркі бойынша туындайтын актіні тіркейтін құжатты атаймыз» - деген.

Көзқарастар әдебиетінде айтылған мынадай мысалды келтіруге болады: «шарт заңды факті ретінде құқықтық қатынастар немесе шарттық құқықтық қатынастар ретінде шарттың пайда болуына негіз болады. Шарт заңды факті және құқықтық қатынастар ретінде – ол өзінше жекеше тұрғы, оның даму жолының сан қилы жақтары».

Дәл осы тұрғыдан Н.Е.Егоров та: «шарт деп міндеттеменің негізіндегі заңды фактіні, шарттық міндеттеменің өзі және міндеттемелік құқықтық қатынастарды орнату фактісі бекітілген құжатты атайды».

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2023ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2023ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2023.

### **3 Тақырып: Мердігерлік шартын құқықтық реттеу**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, мердігер, тапсырысшы т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы мердігерлік шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы мердігерлік шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

Жұмысты орындауға бағытталған міндеттемелердің түсінігі және жүйесі. Мердігерлік шартының жалпы сипаттамасы. Мердігерлік шартын орындамаған және тиісінше орындамаған және орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

Мердігерлік шартының түрлік сипаттамасы. Күрделі құрылысқа мердігерлік шарты. Тұрмыстық мердігерлік шартының ерекшеліктері.

Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері. Ғылыми зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты, құқықтық ерекшеліктері, мердігерлік шартынан айырмашылығы.

#### **Тезис:**

Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырыс берушінің) тапсырысы бойынша белгілі бір жұмысты орындауға және оның нәтижесін тапсырыс берушіге өткізуге, ал ол өз кезегінде жұмысты қабылдап алуға және ақысын төлеуге міндеттенеді. Мердігерлік шарты өнімді дайындауға не өңдеуден өткізуге (қайта өңдеуге) немесе жұмысты орындап, нәтижесін және осы нәтижені меншіктену құқығын тапсырыс берушіге табыстау үшін жасалады. Әдетте мердігерлік жұмыс мердігердің материалдарынан жасалады, соның күшімен және қаражатымен орындалады. Тапсырыс беруші мердігердің өз міндеттерін орындауға қосалқы мердігерлер деп аталатын басқа адамдарды тартуына рұқсат етуі мүмкін. Мұндайда мердігер бас мердігер рөлін атқарады. Мердігер қосалқы мердігердің міндеттемелерді орындамағаны не жеткіліксіз орындағаны үшін тапсырыс беруші алдында, ал тапсырыс берушінің міндеттемелерді орындамағаны не жеткіліксіз орындағаны үшін қосалқы мердігер алдында жауап береді.

Мердігерлік шартында мердігер мен тапсырыс беруші арасындағы тәуекел былайша бөлінеді: Мердігерлік жұмысты орындаған кезде пайдаланылатын материалдардың, жабдықтардың және басқа да мүліктердің кездейсоқ зақымдануын оларды берген тараптар көтереді, ал жұмыс нәтижелерінің тапсырыс беруші қабылдап алғанға дейін кездейсоқ зақымдануын мердігер көтереді. Мердігерлік шартта жұмысты орындаудың басталуы мен аяқталу кезеңі міндетті түрде көрсетіледі, ал қажет болған жағдайда жұмыстың жекелеген кезеңдерінің аяқталу мерзімі (аралық мерзім) де көрсетіледі. Жұмыстың бағасы, әдетте Мердігерліктің сметасын жасау жолымен айқындалады, бұл орайда мердігердің үнемдеген қаржысы орындалған жұмыстың сапасына әсер етпейтін болса, оның өзінде қалады. Тапсырыс беруші Мердігерлік шартында көзделген мерзімде және тәртіппен мердігер орындаған жұмыстың нәтижесін қарап, қабылдауға, шарттан ауытқушылық байқалған жағдайда мұны мердігерге дереу хабарлауға міндетті. Жұмысты тексермей қабылдаған тапсырыс беруші жұмысты қабылдаған кезде бірден байқауға болатын кемістіктерді сылтау ету құқығынан айрылады. Егер Мердігерлік шартта басқаша көзделмеген болса, тапсырыс беруші жұмыс нәтижесін өткізгенге дейін шартты орындау-дан бас тартуына болады, мұндай жағдайда ол мердігерге жұмыстың орындалған бөлігінің ақысын Мердігерлік баға бойынша төлейді.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2023ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2023ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2023.

#### **4 Тақырып: Тасымалдау шарты**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, тасымалдаушы, көлік, жолаушы т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы тасмалдау шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы тасмалдау шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша көлік түрлері. Тасымал, көлік ұйымы, шаруашылық айналымдағы құқықтық жағдайы. Тасымал түрлері, оларды құқықтық реттеу.

Тасымал шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Тасымал шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Тасымал шартының орындалуы. Жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Тасымалдау шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

**Тезис:**

Жүкті тасымалдау шарты көліктік шарттар жүйесінде басым орынды алады, яғни негізгі шарт болып табылады. Себебі дәл осы шарт материалдық құндылықтарды тасымалдаумен байланысты негізгі міндеттерді атқарады. Соған қарамастан, ҚР АҚ-де жүктерді тасымалдаумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу міндеттемелік шарттардың басқа түрлерін реттеумен салыстырғанда айтарлықтай ерекшеленеді. Тасымалдау сияқты күрделі міндеттемені реттейтін ережелерге заң шығарушы жиырма шақты ғана баптарды арнаған (мәселен, салыстыру үшін ҚР АҚ-нің 25-тарауы сатып алу шартында жүздей бап бар). Жүк жөнелтуші, тасымалдаушы мен жүк алушының арасындағы қарым-қатынас негізінен ҚР АҚ-нің 34-тарауымен, арнайы көліктік заңдармен, тасымалдау ережелерімен реттеледі.

Тасымалдау шартының нақтылық сипаты ҚР АҚ-нің 689-бабында қарастырылған анықтамадан белгілі болғандай, тасымалдаушы жүк жөнелтушінің «сеніп тапсырған» жүгін тасуға міндеттенеді. Сондықтан тасымалдаушының міндеттемесі жүк жөнелтушіден жүкті алған сәттен бастап туындайды. ҚР АҚ-нің 688-бабының 2-бөліміне сәйкес, тасымалдаудың жалпы талаптары көлік туралы заң актілерімен белгіленеді. Көліктер туралы заңнамаларға жүргізілген талдаулар, жүк тасымалдау шартының анықтамалары ҚР АҚ-нің 689-бабында белгіленген анықтамаға толығымен сәйкес келетінін байқатады. Әсіресе жүк тасымалдау шартының нақты сипаты теміржол көлігімен жүк тасымалдау шартын реттейтін көліктік заңнамада тікелей нұсқалады: «Жүк жөнелтушіге темір жол көлігі жүк құжатының негізінде жүк қабылданғаны туралы квитанция берілген кезден бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп есептеледі» («Темір жол көлігі туралы» ҚР Заңының 36- бабының 3-бөлімі).

Сонымен, азаматтық құқық ғылымындағы жүкті тасымалдау шартының ұғымы мен құқықтық табиғаты туралы теориялық мәселелерді зерттеп, азаматтық және көліктік заңнамалардың ережелеріне талдау жүргізе келе, төмендегідей қорытындыларға келеміз:

1. Заң әдебиетінде жүктерді тасымалдау шартының екі түрлі табиғаты туралы пікірлерді зерделей отырып, біз жүктерді тасымалдау шарты нақты шарт деген қорытындыға келеміз. Себебі бұл шартты әрі нақты, әрі консенсуалды деп қарастыратын болсақ, онда тасымалдау шарттарына оған ұқсас емес міндеттемелерді, атап айтқанда, ұйымдастырушы шарттарды жатқызуға болар еді.

2. Жүктерді тасымалдау шарты үшінші жақтың, яғни жүк қабылдаушының, пайдасына орындалатын шарттардың қатарына жатқызылады. Өйткені, ҚР АҚ-нің 689-бабына сәйкес, жүкті тасымалдау шарты екі тарап — жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының арасында жасалады, сондай-ақ шарт бойынша тасымалдаушы «жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді».

3. Жүктерді тасымалдау шарты өтеулі қызмет көрсету туралы шарттардың бір түрі болып табылады. Аталмыш шарттың пәні ретінде жүктерді бір жерден екінші жерге тасымалдап жеткізу бойынша клиентке қызмет көрсету болады.

4. Жүкті тасымалдау шартын қосылу шарттарына жатқызу ұсынылады. Себебі жүкті тасымалдау шарты тасымалдаушының шарттың нысаны болып табылатын стандартты құжатты (көлік құралының түріне қарай коносамент, жүк құжат, тауар-көлік құжатын) толтырып, жүк жөнелтушіге табыстауы жолымен жасалуы, бұл шарттың жағдайларына клиенттің қосылуын білдіреді.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **5 Тақырып: Көлік экспедициясы шарты**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, тасымалдаушы, көлік, жолаушы т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы көлік экспедициясы шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы көлік экспедициясы шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Көлік экспедициясы шартының орындалуы. Көлік экспедициясы шарты арқылы жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шарты арқылы жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Көлік экспедициясы шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

#### **Тезис:**

**Көліктік міндеттемелердің түрлері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікке жүргізілген талдаулар олардың құқықтық реттелу деңгейлерінің бірдей еместігін байқатады. Қолданыстағы заңнамада тек қана тасымалдау міндеттемелеріне қатысты жауапкершілік жан-жақты әрі толық реттелген. Сол себепті құқықтық қатынастардың нақтылы және толық реттелмеуіне байланысты жауапкершіліктің негіздері мен шектерін анықтау қиындық туындататын көліктік міндеттемелер де (тасымалдаудан басқасы) кездеседі. Ол бірінші кезекте көлік экспедициясы шартына қатысты мәселе. ҚР АҚ-нің 35-тарауында көлік экспедициясы шарты туралы нормаларды бекіткенімен, оларды бұзғаны үшін мүліктік жауапкершілікті толық реттемейді, ал көліктік заңнамалар көлік экспедициясы шарты бойынша жауапкершілік туралы арнайы ережелерді бекітпеген. Бұл құқық қолданушылар үшін тәжірибеде қиындықтар туындатады.**

Көлік-экспедициялық міндеттемелер бойынша жауапкершілікке тасымалдау туралы ережелерді түгелдей қолдану мүмкін емес. Өйткені тасымалдау шарты мен көлік экспедициясы шарттарының тығыз байланысына қарамастан, дербес көліктік шарттар ретінде екеуінің арасында айырмашылықтар бар, әсіресе мақсаттары мен мазмұндары бойынша сәйкес келмейді. Егер заңнамада қарастырылған шартты бұзушылықтың нақты түрі үшін жауапкершілік көліктік заңдардың тиісті нормасына сәйкес анықталады деп көрсетілген болса, онда дәл сол нормалар қолданылуы қажет, ал егер де мұндай нұсқау болмағанда, жауапкершілікті азаматтық заңдардың жалпы ережелеріне сәйкес анықтау қажет. Ендеше, дербес көлік экспедициясы шартына оның ерекшеліктеріне сай жауапкершілік қарастырылуы тиіс деп есептейміз.

ҚР АҚ-нің 35-тарауында экспедитордың жауапкершілігінің ортақ негізі бекітілген және міндеттеменің орындалмауына кінәлі болмаса да, клиент алдында тек қана экспедитор жауап береді (713-б.). Бұл клиент үшін өте қолайлы жағдай. Тасымалдау шартын немесе экспедиция шартын тиісінше орындамаудың салдарынан міндеттеменің бұзылуының туындауына байланысты экспедитордың жауапкершілігінің негіздері мен мөлшері анықталады. Бірақ бұндай ереже экспедитор мен тасымалдаушының жауапкершіліктерінің негіздері мен көлемі әр түрлі болғандықтан, экспедитордың құқықтық жағдайын нашарлатады.

Осы орайда Н.В. Морозова экспедитордың жауапкершілігі екіжақты сипатта болады деп тұжырымдайды: клиенттің кінәсі үшін тасымалдаушы алдында жауап береді және тасымалдаушының кінәсі үшін клиент алдында жауап береді. Мәселен, клиенттің қоймасынан темір жол стансасына дейін жүкті тасымалдағанда, өз көлігі жоқ экспедитор автокөлік ұйымымен шарт жасасады. Егер жүкті тиеу-түсіру жерінде тұрып қалғаны үшін шартпен қарастырылған айыппұл экспедитордан өндіріліп алынған болса, онда ол айыппұлды кінәлі тұлғадан: клиенттен немесе темір жол тасымалдаушысынан өндіріп алады. Бұл жағдайда бөтен тұлғаның кінәсі үшін экспедитордың тәуекелі, яғни жауапкершілігі, орын алған. Мұндай жауапкершілік көлік экспедициясы шарты ғана емес, міндеттемені орындауды үшінші тұлғаға жүктейтін кез келген шарттың сипаттаушы белгісі болып табылады.

Экспедициялық қызмет көрсетуден туындайтын міндеттемелерге азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздері туралы жалпы ережелер қолданылады. Себебі ҚР-ның қолданыстағы көліктік заңнамалары көлік экспедициясы шарты бойынша жауапкершілік туралы арнайы ережелерді қарастырмайды. ҚР АҚ-нің 713-бабы бойынша экспедиция шарты жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін экспедитор осы Кодекстің 20-тарауындағы ережелерге сәйкес белгіленген негіздер мен мөлшер бойынша жауап береді.

Көлік-экспедициялық қатынастардың өзіне тән ерекшелігін ескеретін болсақ, экспедитор ретінде кәсіпкер болғандықтан, оның жауапкершілігінің негізі ретінде кінәлі болуы шарт емес, себебі бұл жағдайда экспедитор кәсіпкерлік тәуекелге бел байлап отырғандықтан, оның жауапкершілігі ҚР АҚ-нің 359-бабының 2-бөлімінде қарастырылған. Демек, тасымалдаушымен салыстырғанда, экспедитор толық жауапкершілікте болып, барлық келтірілген залалды өтейді.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **6,7 Тақырып Банктік қызмет көрсету шарттары**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, несие, шот, ақша т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы банктік қызмет көрсету шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы банктік қызмет көрсету шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

ҚР есеп-айырысу қатынастарының түсінігі, негізгі принциптері. Есеп-айырысу қатынастарын құқықтық реттеу. ҚР-дағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың түрлік сипаттамасы. Банктік қызмет ету шарты, түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері. Банктік шот, банктік салым шарттары. Несиеқатынастары. Түсінігі, несиелесу түрлері. Несие ресурстарының қайтарылуын қамтамасыз ету.

Қарыз шартының нысаны. Қарыз шартының мазмұны және орындалуы.

**Тезис:** Банктік қызмет көрсету шарты есеп айырысу міндеттемелеріне жатады. Банктік қызмет көрсету міндеттемелерінің түрлері: банктік шот ашу шарты, банктік есеп айырысу, ақша аудару шарты. Банктік қызмет көрсету шарты дегеніміз-бір тараптан банк екінші тарап клиентке банктік қызмет көрсетуге міндеттенеді. Клиент өз кезегінде ақы төлеуге міндеттенеді. Банктік қызмет көрсету шарты ақылы, екі жақты, консенсуалды.

Банктік қызмет көрсету шарты — азаматтық және банктік заңнаманың, новелласы болып табылады, өйткені, Қазақ КСР АҚ-інде банктік іс бойынша мәселелерге бес-ақ бап бөлінген болатын, бұл орайда банктік іс косалқы заң актілері деңгейінде — КСРО Мемлекеттік банкі нұсқамаларымен бүге-шегесіне дейін өте мұқият реттеліп отырды. Жаңа Азаматтық кодекс банк қызметіне әлдеқайда көп көңіл бөледі және оның ережелері принциптік сипат алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 739-бабында екі тарап (банк және клиент) банктік қызмет көрсетуге шарт жасасуға құқылы екендігі қарастырылады, ол бойынша банк клиенттің тапсырмасы бойынша банктік қызмет көрсетуге, ал клиент, егер шартта өзгеше көзделмесе, осы көрсетілген қызметке ақы төлеуге міндеттенеді. Бұл орайда заң шығарушы банктік қызмет көрсету шартын: банктік шот шарты, ақша аудару шарты, банк салымы шарты, сондай-ақ заңнамада немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де шарт түрлері бойынша деп бөледі.

Банктер клиенттерге банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады, яғни клиенттерге банктік қызмет көрсетудің барлық кешенін ұсынады, ол экономикалық қажеттіліктен туындайтын талаптарды қанағаттандыра отырып, үздіксіз жаңарумен болады.

Коммерциялық банктер қолма-қол ақшасыз айналымды және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру; кредиттеуге қажетті қаражаттарды тарту-жұмылдыру; негізгі құралдарға байланысты күрделі салымдарды қаржыландыру; тұрғылықты халықтың ақша қаражаттарын жинақтауды ұйымдастыру, бағалы қағаздар, вексельдер және чектер шығару, уәкілетті банктер ретінде түрлі валюталық операциялар жүргізу сияқты және т.б. қызметтерін тиісті заңнамалық актілер, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен лицензиялар негізінде жүзеге асырылады. Банктер өз қызметтері (операциялары) барысында барынша пайда табуға ат салысады. Банктік қызметтің затына ақшалар, валюталық құндылықтар және өге де қаржылық инструменттер жатады.

Банктік операциялар мен мәмілелерді тиісті заңнамалық актілер негізінде және осы заңнамаларға сәйкес берілген лицензияға сай жүргізетін коммерциялық ұйым, заң жүзінде өкілеттігі белгіленген заңды тұлға – банк түрлі банктік құқықтық қатынастардың тұрақты субъектісі болып табылады.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.



## 8 Тақырып Сақтандыру шарты

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, сақтандыру оқиғасы, сақтанушы, сақтанушы, сақтандырылған адам т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы сақтандыру шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы сақтандыру шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

### **Негізгі сұрақтар:**

Сақтандыру бойынша міндеттемелердің түсінігі, құқықтық реттелуі. Сақтандыру бойынша міндеттемелердің мазмұны, түрлік сипаттамасы.

Сақтандыру қатынастарындағы негізгі түсініктері. Сақтандыру шартының түсінігі, мазмұны және түрлері.

. Сақтандыру шарттарын тиісінше орындамаған кездегі тараптардың Сақтандыру шартының жалпы сипаттамасы. шінші жақтың пайдасына жасалатын сақтандыру шарты. Сақтандыру міндеттемелерінің орындалуы жауапкершілігі. Сақтандыру шартының тоқтатылу негіздері. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану, құқықтық салдары.

### **Тезис:**

**Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында сақтандыру шарт жасасу арқылы жүзеге асады. Сақтандыру шарты сақтандыру құқықтық қатынасының пайда болу негізі болып табылатын заңды факт. Шарт болып екі немесе одан көп адамдардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту және тоқтату туралы келісімі танылады.**

Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру төлемдерін төлеуге міндеттенеді.

Сақтандыру шарты қайтарымды шарт болып есептеледі. Мысалға сақтандыру шартының қайтарымсыз түріне сыйға тарту шарты жатады. Сақтандыру шарты негізін ақша құрайтын шарттың түріне жатады. Сақтандыру сыйақысы, сақтандыру төлемдері ақшалай нысанда ақшалай нысанда төленеді.

Сақтандыру шартында мыналар болуы тиіс: сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері; сақтанушының (егер ол жеке адам болса) тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тұрған жері немесе (егер ол заңды тұлға болса) оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері; сақтандыру объектісін көрсету; сақтандыру жағдайын көрсету; сақтандыру сомасының мөлшері (аннуитеттік сақтандыру шарттарын қоспағанда) және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері; шарттың жасалу күні және қолданылу мерзімі; егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған адам мен пайда алушы туралы көрсету.

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін. Кез келген шарттың жағдайын елеулі және елеусіз деп бөлуге жатады. Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарды елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі сақтандыру шартының елеулі түрін бөліп көрсетпейді. Мүлікті сақтандыру шарты кезінде тараптар: 1) сақтандыру объектісі; 2) сақтандыру жағдайы; 3) сақтандыру сомасы; 4) сақтандыру төлемі; 5) сақтандыру сыйақысы; 6) шарттың орындалу мерзімі жөнінде келісімге келуі тиіс.

Жеке сақтандыру шартын жүргізген кезде сақтанушы мен сақтандырушының арасында: сақтандырылған адам жөнінде; 2) сақтандыру жағдайы жөнінде; 3) сақтандыру сомасы мен сақтандыру сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру ұйымы ұсынған барлық сақтандыру жағдайымен таныстыруы керек.

Келіссөздер нәтижесінде тараптар шарттың барлық елеулі жағдайлары бойынша келісімге келуі тиіс. Бұл жерде елеулі жағдайлар болып: оқиғаның яғни оның туындауына байланысты сақтандыру төлемін төлеуге міндетті; сақтандыру шартының әрекет ету аймағы; сақтандыру объектісі жөнінде; сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен мерзімі; сақтандыру шартының жасалу мерзімі; сақтандырушының міндеттеме жөніндегі жауаптылық кезеңі; сақтандыру сыйақысының мөлшері мен тәртібі; шарттың мазмұнына өзгертулер енгізу тәртібі, тараптардың шартта көрсетілген міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда құқықтық салдар.

Сақтандыру шартының объектілері мен субъектілері. Сақтандыру шартында объектілер мен субъектілер маңызды орын алады. Сақтандыру қатынасының субъектісі болып сақтандырушы және сақтанушы танылады. Сақтанушы – қандай да бір мүддесін сақтандырғаны үшін сақтанушыға сақтандырушы көрсететін қызмет түрлеріне тапсырыс беруші болып табылады. Сақтанушы барлық жағдайда сақтандыру құқық қатынасының субъектісі болып табылады. Егерде сақтандыру келісім шарт түрінде жасалса, онда сақтанушы сақтандыру шартының бір тарабы болып есептеледі. Сақтандыру міндеттемесі екі жақты міндеттеме болғандықтан сақтанушы сақтандыру төлемін төлеу кезінде борышкер болып есептеледі де, ал сақтандыру төлемі кезінде кредитор болып есептеледі. Заңды тұлғалар мен азаматтар сақтанушылар бола алады. Сақтанушы сақтандырудың ерікті де, міндетті де нысандары бойынша сақтандырушы ұйымды таңдап алуға ерікті.

Тағы бір сақтандыру қатынасының қатысушысы болып танылады. Пайда алушы бұл сақтандыру шартында немесе міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

Пайда алушы ретінде заңды тұлғалар мен азаматтар бола алады. Пайда алушы жеке де, мүліктік те сақтандыру бойынша тағайындала алады. Сақтандырудың міндетті түрі бойынша пайда алушы сақтандыруды реттейтін заң актілерімен айқындалады, ерікті түрі бойынша оны сақтанушы тағайындайды. Егер міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде немесе өз еркімен сақтандыру туралы шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады. Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, пайда алушы сақтандырылған адам болуы тиіс не ол сақтандырылған адамның жазбаша келісімі бойынша тағайындалады. Егер пайда алушы сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол сақтандырылған адам деп ұйғарылады, сақтандырылған адам болып саналмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не ол пайда алушының құқықтарынан бас тартса, соңғысынан құқығы сақтанушыға ауысады. Сақтандырылған болып табылатын пайда алушы ретінде өзінің жұбайын, баласын, басқа да жақын туысқандарын тағайындайды. Мүліктік сақтандыру кезінде пайда алушы мүліктік арендаға берген кезде пайда алушы болып арендатордың өзі есептеледі. көлікті сақтандыру кезінде сыртқы сауда жүйесінде сатушы пайда алушы есебінде сатып алушыны есептейді және сақтандыру полисі жазылған адамды сатушы пайда табушы деп есептейді.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талап қоюға құқылы.

Сақтандыру қатынасының арнайы қатысушыларының қатарына сақтандыру агенті де жатады. Сақтандыру агенті – сақтандырушының нұсқауы бойынша сақтандырушының атынан сақтандыру шартына қатысатын тұлға. Сонымен, сақтандыру агенті сақтандырушының тікелей өкілі болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес басқа адамның (өкіл берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне немесе әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттілік күшімен жасаған мәмілесі өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертуді және тоқтатады.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

## 9 Тақырып Сақтау шарты

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, секвестр, қойма, қойма куәлігі т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы сақтау шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы сақтау шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Сақтау шарты, түсінігі, мазмұны.Сақтау шартының субъектілері, пәні, мерзімі және нысаны. Шартты орындамаған және тиісінше орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

Конкурстық міндеттемелер.

Бір жақты әрекеттерден пайда болатын міндеттемелердің түсінігі.Бір жақты міндеттемелердің түрлік сипаттамасы.

Сыйақыға жария уәде беру міндеттемелері. Біржақты мәмле ретіндегі сыйақыға жария уәде беру шартының түсінігі. Лотерея, тотализатор және өзге де ойындар өткізу ерекшеліктері. Тендер және аукцион өткізу ерекшеліктері, құқықтық салдары.

Конкурстан пайда болатын міндеттемелердің орындалуы.

**Тезис:**

Сақтау шарты бойынша, бірінші жақ (сақтаушы) оған екінші жақ (жүк беруші) берген мүлікті сақтауға міндеттенеді (ҚР АҚ 768 б.). Шарт: реалды, мерзімді, ақылы (ақысыз болуы да мүмкін). Шарттың жеке түрлері, мысалы, егер сақтаушы кәсіпкер болса, консенсуалды да болуы мүмкін. Бұл шарттар, заңда, жария шарттарына жатқызылады (ҚР АҚ 770 б.). Сақтау шартының заты - жалпы алғанда, жеке анықталған заттарды сақтау болады. Бірақта, заңда, тектік белгілерімен анықталған заттарды да сақтау көзделеді. (ҚР АҚ 771 б.). Шарт нысаны жазбаша болады, бірақта: жетон, номер немесе өзге таңбалар берумен де, рәсімделуі мүмкін. Негізіне қарай сақтау шарттарының келесі түрлерін бөлуге болады: кәсіби сақтау, ломбардта сақтау, көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау, банкта құндылықтарды сақтау, ұйымдар киім ілгіштерінде сақтау, қонақ үйлерінде сақтау, тауар қоймаларында сақтау, секвестер (даулы заттарды сақтау). Жүк тапсырушының маңызды міндеті: ол, сақтаушыны заттың қасиеттері мен ерекшеліктері жөнінде ескерту болады (сынатындығы, жарылыс заты, ұлы зат болу жөнінде және т.б.).

Сақтау шартында көптеген ережелер болуы мүмкін, олардың ішінен, Ережелердің елеулі болып табылатын мына топтарын бөліп айтуға болады,

1. Сақтау шартының нысаны. Шарт нысаны анықталмайынша сақтауы Егер тараптар белгілі бір нысанда сақтау шартын жасауға уағдаласса, 2.Сақтау шартының бағасы; Сақтау шартының орындалуы тараптардың келісімімен белгіленген баға бойынша төленеді. Ақылы сақтау шартында баға көзделмеген және шарт ережелерін негізге 3.Сақтау шартының мерзімі; Егер заңдарда немесе сақтау шартында шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, Қолданылу мерзімі көрсетілмеген сақтау шарты тараптардың онда белгіленген міндеттемелерді 4. Сақтау шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері; Екі жақты міндеттеуші сақтау шартында шартқа қатысушы тараптардың біреуіне Елеуліден басқа шарттардың дағдылы және кездейсоқ ережелерін бөліп алуға

Сақтау шартының мазмұны мен оның жарамдылығын қамтамасыз ететін Заңдық факт деп саналатын сақтау шартының мазмұнын оны жасасқан Сақтау шартының ережелерін анықтаудың жалпы қағидасы шарт еркіндігінен туындайды.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **10 Тақырып: Комиссия және тапсырма шарттары**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, өкіл, комиссионер, комитент т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы комиссия мен тапсырма қызмет көрсету шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы комиссия мен тапсырма қызмет көрсету шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Заңи және нақты қызмет көрсету кезінде пайда болатын азаматтық-құқықтық қатынастар.

Тапсырма шартының түсінігі және мазмұны. Тапсырма шартының тараптары, оның нысаны. Коммерциялық өкілдіктің құқықтық нысаны. Тапсырма шартының басқа ұқсас шарттардан айырмашылығы.

Комиссия шарты, түсінігі, маңызы. Комиссия шартының мазмұны және орындалуы.

Комиссия шартының түрлері.

**Тезис:**

Комиссия шарты бойынша бір тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыру бойынша сыйақы үшін комитет есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенеді (ҚР АҚ 865-бап, 1-т).

Комиссия шарты да материалдық емес қызмет көрсетулерді туындататын шарттарға жатады, осыдан оның тапсырма шарттарымен ұқсастығы байқалады. Сонымен бірге комиссия шарты тар аяда әрекет етеді, ол комиссионермен комитенттің арнайы барлық заңи маңызы бар іс-әрекеттерді емес, ал тек мәмілелерді ғана жасауды реттеуге арналған.

Осы айтылған сөз комиссиялық сауда немесе өзге де комиссиялық қатынастар қазіргі жағдайларда өз маңызын жоғалтты дегенді білдірмейді. Комиссиялық қатынастар енді жаңа шектерде анықталды. Мысалы, еркін қоғамға өтуімізге орай шығармашылық кәсіп (суретшілер, халықтық кәсіп мамандары, мүсіншілер және т.б.) адамдары белсенділік таныта түсті. Жеке сурет салондары, өнер салондары, халықтық кәсіп заттарын сататын дүкендер пайда болды. Мұнда комиссия қатынастары толық қанды қолданылуға ие болады. Бұл сирек кездесетін заттарды, кітаптарды ювелирлік бұйымдарды сатумен айналысатын дүкендерге де қатысты. Кейбір жағдайларда, олар аталған заттарды сатып алып, содан кейін оларды қайта сатады, ал кейбір олар меншік иелері мен комиссия шартын бекітеді.

Бұл орайда меншік (өнер туындысының) иесі сатылатын заттың мамынымен бағаланатындығына сенімді болады. Әрине, меншік иесі затты бағалауға ғана жүгініп, оны өз бетінше сату туралы шешім қабылдауы мүмкін, бірақ бұл ол үшін жоғары қауіпті тәуекел мен байланысты болуы мүмкін.

Комиссия шарты комиссионер шартты орындауға байланысты комитентке затты сақтау бойынша қызмет көрсетуге тиіс болатын қатынастарды бекітуге мүмкіндік береді. Кәсіпкер комиссионер комиссияға тапсырылған мүлікті сақтандыруға міндеттенуі мүмкін. Комиссия шарттары бағалы қағаздардың табиғи ресурстардың – мұнай, газ, көмір және т.б. айналымы кезінде қолданыла алады. Олар біздің кәсіпкер азаматтар сатып алушылардың "тапсырысы бойынша" автокөлік сатып алу үшін шетелге жүретін кезде де осы шартты жасаса алады. Осы жағдайларда азаматтардың, кәсіпкерлердің қызмет көрсетуіне жүгінулерінің себебі болып шетелдік мемлекеттің нарықтық конъюктурасын білмеу, автокөлікті талдап алу үшін қажетті арнайы білімдерді білмеу, уақыт жетіспеушілігі және т.б. факторлар табылады. Комиссия қатынастары аралас шарттар аясында да орын алуы мүмкін. Мәселен, тапсырыс беруші өзінің кәсіптенген маман екеніне сүйене отырып онымен оның өз атынан бірақ тапсырыс берушінің есебінен құрылыс материалдарын сатып алатындығы туралы келісе алады.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **11 Тақырып Сенімгерлікпен басқару шарты**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, сенімгер басқарушы, сенім білдіруші, өкіл т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы сенімгерлікпен басқару шартының түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы сенімгерлікпен басқару шартының негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

Сенімгерлікпен басқару шартының түсінігі және мазмұны. Сенімгерлікпен басқару шартының тараптары, оның нысаны. Сенімгерлікпен басқару шартының нысаны. Сенімгерлікпен басқару шартының басқа ұқсас шарттардан айырмашылығы. Сенімгерлікпен басқару шартының маңызы. Сенімгерлікпен басқару шартының орындалуы.

Сенімгерлікпен басқару шартының түрлері.

#### **Тезис:**

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша бір тарап (сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы) екінші тарапқа (сенімгер басқарушыға) мүлікті сенімгерлікпен басқаруға береді, ал екінші тарап құрылтайшы атаған тұлғаның (пайда алушының) мүдделері үшін осы мүлікті басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Шарттардың жекелеген түрлері үшін заң актілерінде өзге де елеулі талаптар көзделуі мүмкін. Шартта басқа талаптар да, оның ішінде басқарушыға берілетін сыйақының мөлшері мен нысандары көзделуі мүмкін.

**Шартта үшінші тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруға берілген мүлікке құқығы көрсетілуге тиіс.**

**Егер заң актілерінен немесе пайда болған қатынастар мәнінен өзгеше туындамаса, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты туралы нормалар мүлікті**

сенімгерлікпен басқаруды белгілеудің өзге де негіздері бойынша пайда болатын қатынастарға қолданылады.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты жазбаша нысанда жасалады. Қозғалмайтын мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты, қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шарт үшін көзделген нысан мен тәртіп бойынша жасалады.

Шарт нысанын сақтамау немесе қозғалмайтын мүлікке арналған шарттың тіркелімінің болмауы оныңжарамсыздығына әкеп соғады.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша бір тарап (сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы) екінші тарапқа (сенімгер басқарушыға) мүлікті сенімгерлікпен басқаруға береді, ал екінші тарап құрылтайшы атаған тұлғаның (пайда алушының) мүдделері үшін осы мүлікті басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Шарт, әрине, сенімгерлікпен басқарудың пайда болу негіздерінің бірі болып табылады. Ол құқыққа қайшыларын қоспағанда, кез келген талап тілекке сүйене отырып құрыла алады және іс жүзінде меншік иесінің немесе өзге құқық иесі құқықтарының барлық көлемін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол аралас шарттық институттар - тапсырма шарттары мен комиссия шартынан осыған қатысты ерекшеленеді. Сенімгерлікпен басқару меншік иесі құқықтарын жүзеге асыруды әрқашан да көздемейтінін ескерген жөн. Мысалы, мүлікті қамқоршыға беру кезінде, оған қамқорға алынғандар кәмелеттік жасқа толғанға дейін мүлікті сақтау міндеті жүктеледі.

Сенімгерлікпен басқару шарты ол бойынша құқықтар мен міндеттер мүлікті сенімгер басқарушыға беру сәтінен бастап туындайтындықтан реалды шарт болып табылады.

Сенімгерлікпен басқару шарты өз қатысушыларының қатынастарын түрлендіруге мүмкіндік береді. Сенімгер басқарушы мүлікке деген құқықтарды иеленушінің атынан шығатын мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын, сондай-ақ, сенімгер басқарушы өз атынан іс-әрекет ететін шартты бекітуге болады. Сенімгер басқарушы мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының атынан іс-әрекет ететін кезде, әрине, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының атынан іс-әрекет ететін кезде, әрине, онда мүлікке деген заттық құқықтардың пайда болуы туралы айтуға болмайды.

Оны бекітудің жағдайы мен тараптардың ішкі өзара қарым қатынастарына қарай сенімгерлікпен басқарушы шарты ақылы да ақысыз да болуы мүмкін. Сыйақы мөлшері бұл орайда шарттың өзімен анықталуға тиіс. Өйткені мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру жағдайлары сенімгер басқарушы қызметінің әсері және оны анықтау белгілері әрбір жеке жағдайда әртүрлі болады. Алайда егер сыйақы мөлшері мысалы сонда да шартпен анықталмаған болса, онда олар назар аударуға тұрарлық тараптар мүдделеріне сүйене отырып анықталатын болады.

Мүлікті сенімгерлікпен басқарудың ақылы шарты екі жақты шарт болады, өйткені онда сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының сыйақы төлеу жөніндегі міндеттері көзделетін болады. Мүлікті сенімгерлікпен басқарудың ақысыз шарты әдеттегідей бір жақты сипатқа ие болады. Онда міндеттер сенімгер басқарушыға жүктеледі. Ал құқықтар сенімгерлікпен басқару құрылтайшысына тиесілі болады.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты екі жақты шарт оған екі тарап мүлікті сенімгер басқарушы және сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы қатысады.

Сенімгерлікпен басқару шартының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып, ол үшін шарт еркіндігіне қатысты кейбір шектеулер көзделгені табылады. Заңнамада көзделген жағдайларда сол бір немесе өзге субъект сенімгерлікпен басқаруды құруға тиіс. Соның ішінде мемлекеттік қызметші өз мүлкін беруге міндетті. Бұл орайда сенімгерлікпен басқаруға беруге міндеттеу кез келген мүлікке емес, кәсіпкерлік маңызы бар мүлікке таралады. Бұл акциялар үлестер, коммерциялық ұйымдардың

жарғылық қорына қатысу сондай-ақ, мемлекеттік қызметшіге меншік құқығы негізінде тиесілі өзгеде мүлік сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі міндет ақшаға, сондай-ақ мемлекеттік қызметке тұрғанға дейін жалға берілген өзге де мүлікке таралмайды.

Сенімгер басқарушы жоғарыда айтылғандай мүлікті сенімгерлікпен басқару шартын бекітуге мәжбүрлене алмайды. Сенімгерлікпен басқару шарты үшінші тұлғаның яғни пайда алушының, пайдасына жасалуы мүмкін. Бұл туралы шарттың өзінде көрсетілуге тиіс. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының талап етілетін жай жазбаша нысанын сақтамау жалпы ереже бойынша оның жарамсыздығына алып келмейді.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

## **12 Тақырып Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, зиян, кінә, моральдік зиян т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелердің және ерекшеліктерін анықтау, зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелердің ережелерін саралау, жағдайлары мен оған қатысты туған дауларды шешудің жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер.

Зиян келтіру келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелердің түсінігі және шарттары. Зиянды өтеу мөлшерінің көлемі, сипаттамасы. Моральдық зиянды өтеу.

Мемлекеттік органдардың әрекетінен, жергілікті басқару органдарының және лауазымды адамдардың әрекетінен келтірілген зиян үшін жауапкершілік.

Адам өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Тауарлардың, жұмыстардың қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеуі.

#### **Тезис:**

Күнделікті өмірде адамдар бір-бірімен әрқандай сипатта байланыс жасайды. Біреулер материалдық игіліктер өндірісе (азық-түлік, өндіріс заттары, басқа да қажетті заттар мен бұйымдар), басқа біреулер оны тұтынып, материалдық және рухани қажеттіліктермен өздерін қамтамасыз етеді. Сөйтіп өндіруші мен тұтынушы арасында белгілі бір қатынас қалыптасады. Өмірде, күнделікті қарым-қатынастарда бір тұлға екінші тұлғаға зиян келтіріп отырады. Зиян тұлғаларға тиесілі игіліктер мен құқықтарға келтірілуі мүмкін. Зиян келтіру өндіріс аясында орын алады, ол автокөліктер мен басқа да көлік құралдарының иелерімен, қауіпті заттар мен жануарлармен, тауарларды, қызмет көрсетулерді сатудан т.б. келтіріледі.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына, заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіру заң шығарушы назарынан тыс қалмайды, ол үшін жауапкершілік көзделген. Тұлғалардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін бірдей қалпына келтіруге мүмкіндік беретін азаматтық – құқықтық институт азаматтық – құқықтық жауапкершілік болып

табылады. Сонымен қатар белсенді қолданысқа деликтік жауапкершілік те ие. Оны субъектілер өзара шарттық қатынастармен байланысты болмайтын жағдайларда құқық бұзушылықтар жасағаны үшін туындауы тиіс болатын азаматтық – құқықтық жауапкершіліктің бір түрі. Азаматтық – құқықтық жауапкершіліктің аталған түрлернің айырмашылықтары да бар. Деликтік жауапкершілік азаматтық құқықтың өз алдына бөлек институты болып табылады. Оның өзіндік ерекшеліктері бар, олар ең алдымен оның құрамында императивтік нормалардың басым болуымен сипатталады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік – заңды жауапкершіліктің бір түрі. Оған да заңдық жауапкершіліктің белгілері тән:

- Мемлекеттік мәжбүрлеумен тығыз байланыста;
- Мемлекеттік және қоғамдық айыптаумен байланысты;
- Іс жүзіндегі негіздеме – құқық бұзушылық болып табылады;

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік өзіне тән ішкі белгілерге ие. Ол қылмыстық құқықтық, әкімшілік құқықтық, тәртіптік жауапкершілікпен қатар жеке өзіне арналған мақсаттарға ие. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік субъектілері іс-әрекеттері белгілі бір азаматтық-құқықтық салдарға әкеліп соғады. Зиян келтіргені үшін (шарттан тыс, деликтік) жауапкершілік аясында негізгі санкция болып келтірілген зиянды өндіріп алу танылады. Азаматтық – құқықтық жауапкершілік жеке сипатқа ие. Яғни, оның қолданылуы құқықтары мен мүдделеріне зиян келтірілген субъектінің не жәбірленушінің атынан талап арыз жазуға құқылы тұлғаның еркіне тәуелді болады. Кәмелетке толмағандар мүдделеріне зиян келтірілсе, егер олар ата-анасының қамқорлығында болмаса, талап арыз бала тәрбиелеу мекемелерімен, қамқоршы/қорғаншыларымен, тікелей қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен не прокурормен қойылады. Өз құқықтарын өздері қорғай алмайтын тұлғаларға зиян келтірілген жағдайларда азаматтық-құқықтық жауапкершілік мүмкіндігінше мүлтіксіз жүзеге саырылуы тиіс. Ол үшін қажет жағдайлар заңнамамен орнығуы керек. Мұндай қажеттілікті деликтілік құқық нормаларын қолданатын мемлекеттің құзыретті органдары мен соттары тарапынан ескерген жөн.

Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерге сәйкес, міндетті субъект басқа субъектінің пайдасына зат (тауар) беруге тиіс екендігін жоққа шығарады, бірақ бұл бұзылған құқықтарды қалпына келтіру қажеттілігімен жетеленеді. Міндетті субъектімен жұмыстар орындау, қызмет көрсету тәжірибеде қолданылмайды және жоққа да шығарылмайды. Зиян келтіруден туындайтын міндеттеме осындай мазмұнға барлық жағдайда емес, тек зиян мүлікке келтірілген жағдайда ие болады. Зиян келтіруден туындайтын міндеттеме басым жағдайларда субъектілердің абсолюттік құқықтарын қорғауға бағытталған. Бұл оны тұлғалардың кез келген құқықтарын оларға кез келген құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау мақсаттарында пайдалануға мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда, деликтік міндеттеме құрылымын пайдалана оытрып, тұлға өзінің нақты бір субъектіге қатысы бар, қатысты құқықтарын да қорғай алады. Бұл, м/ы: тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жетіспеушілігімен келтірілген зиянды өндіріп алу кезінде орын алады.

ҚР АҚ-нің 917-б. сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік не мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-ірекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген мүліктік және (немесе) мүліктік емес зиянды оны келтірген тұлға толық көлемде өтеуге тиіс. Сондай-ақ заң актілерінде зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктеледі, сонымен қатар өтеудің неғұрлым жоғарғы мөлшері белгіленуі мүмкін екені ескертіледі. Аталған бап негізінен, зиян келтіруден туындайтын жауапкершіліктің жалпы негіздерін белгілеу үшін арналғанымен, ол сондай-ақ зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме түсінігінің өзін де анықтау үшін қолданылады.

Зиян келтіруден туындайтын міндеттеме – бұл зиян келтірушінің не заңнамада аталған өзге де тұлғаның келтірілген зиянды толық көлемде өтеу міндетін қамтыған, жеке не заңды тұлғалардың (мемлекеттің не әкімшілік аумақтық бөліністің) заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне құқыққа қайшы іс-әрекеттермен (әрекетсіздіктермен) мүліктік



не мүлтік емес зиян келтіру салдарынан тікелей заңнама нұсқауларынан туындайтын міндеттеме.

Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерді жүзеге асырумен азаматтық-құқықтық жауапкершілік және сонымен қатар оның функциялары да жүзеге асырылады. Оның функцияларын компенсациялық, айыппұлдық, тәрбиелік, алдын алушылық деп анықтаймыз. Компенсациялық функция мақсаты ретінде бұзылған құқықтар мен мүдделерді олардың бұзылуына тепе-тең түрде қалпына келтіруді көздейді. Оларға азаматтық-құқықтық жауапкершілік санкцияларын қолдану салдарынан және сот процестеріне негізінен жауапкерлер ретінде қатысқандықтан, құқық бұзушылар белгілі бір тәрбиелік ықпал сезінеді. Бұл азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің белгілі бір шамада құқық бұзушыларды одан да ауыр құқық бұзушылықтар жасаудан ұстап қала алатын, алдын алушылық маңызына себепші болады. Болашақта зиян келтіру қаупі мұндай қауіпті тудыратын іс-әрекеттерге тыйым салу туралы талап қоюға негіз бола алады. Егер келтірілген зиян оны келтіруді жалғастыратын немесе жаңадан зиян келтіру қаупін туғызатын кәсіпорынды, ғимаратты пайдаланудың не өзге де өндірістік қызметтің салдарынан болса, сот зиянды өтеуден басқа, жауапкерге тиісті қызметін тоқтатуды міндеттеуге құқылы. Тиісті қызметтің тоқтатылуы қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, сот оны тоқтату туралы талаптан бас тарта алады. Мұндай қызметті тоқтатудан бас тарту жәбірленушілерді осы қызметтен келтірілген зиянды өтеттіру құқығынан айырмайды (ҚР АҚ 918-б. ).

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **13 Тақырып: Конкурстық міндеттемелер**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, аукцион, тендер, мемлекеттік сатып алу т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы конкурстық міндеттемелердің түрлері мен ерекшеліктерін анықтау, азаматтық құқықтығы мемлекеттік сатып алудың негізгі ережелерін саралау, шартындағы жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Конкурстық міндеттемелердің ерекшеліктері.

Конкурстық міндеттемелердің түсінігі және шарттары. Конкурстық міндеттемелердің түрлері. Аукцион өткізу тәртібі мен ерекшеліктері. Тендер өткізу тәртібі мен ерекшеліктері. Ойын бизнесі мен лотерея өткізудің тәртібі мен ерекшеліктері.

Мемлекеттік сатып алу түсінігі мен өткізу тәртібі. Мемлекеттік тапсырысты орындау ерекшеліктері, өткізу жағдайлары мен ерекшеліктері. Мемлекеттік тапсырыспен жасалатын міндеттемелердің орындалуы, орындалмағаны үшін жауапкершілікке тарту ерекшеліктері.

**Тезис:**

Конкурстық міндеттемелер біржақты іс-әрекеттерден туындайтын міндеттемелердің тағы бір түрі болып табылады. Оларда шетелдік мемлекеттердің жеке құқығында квази келісімшарттық деп аталатын міндеттемелердің белгілері жақын көрініс тапқан. Осы айтылған сөз, жоғары да қарастырылып өткен басқаның мүддесіне тапсырмасыз әрекет

етуден туындайтын міндеттемелерге де қатысты. Қазақстан Республикасының міндеттемелік құқығында топтастырудың мұндай негізі қолданылмайды, алайда квивзкелісімшарттық міндеттемелерді атап өту конкурстық міндеттемелерді дұрыс түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Олардың кейбіреулері шарттық міндеттемелерге өте ұқсас, өйткені конкурстық міндеттемелер қатысушылардың еріктерін іс жүзінде келістіру алдағы уақытта бәрібір орын алады, бірақ заңнама сол бір немесе өзге нысанда конкурсқа бастамашылдық білдірген субъектінің еркіне ғана және егер оның ерік білдіруі құқықтық қатынастың негізі ретінде жеткілікті болса, басымды құқықтық маңыз береді. Қалған субъектілердің еркі есте ұсталады және олар көмекші маңызға ие болады (олардың міндеттемелерге қатысуы, бірқатар жағдайларда олармен конклюденттік ісәрекеттерді жасаумен қамтамасыз етілуі мүмкін, алайда олардың белсенді ісәрекеттерді де жасауды, конкурстың барлық талаптарын сақтауы жоққа шығарылмайды). Осы міндеттемелердің мазмұны конкурстық тапсырма бойынша конкурсанттардың әдетте борышқорлармен бірқатар азаматтық құқықтық шарттарды мердігерлік тапсырма, комиссия және т.б. жасалатын ісәрекеттерді қамтуы мүмкін.

Конкурсанттардың заңдық қылықтарды – ғылым, әдебиет және өнер туындысын жасау жоққа шығарылмайды. Бірінші жағдайда конкурсанттармен конкурсы жария еткен субъектінің пайдасына заңдық маңызды бар ісәрекеттерді іс жүзінде жасау туралы емес, сол конкурсты жария еткен тұлғамен өз талаптарын сақтаудың орнына өздерінің өздерін заңдық міндеттеуге дайын екендігі туралы сөз болып отыр. Егер конкурсанттардың қайсы бірімен іс әрекеттер жасалса (жұмыс орындалса, тауарлар берілсе, қызметтер көрсетілсе) және конкурс жария еткен тұлға оны қабылдаса (олармен келіссе) және соңғысының мүліктік аясы конкурсант ісәрекеттерінің салдарынан белгілі бір игіліктермен толықса, онда тараптардың арақатынасына белгілі бір шарт туралы ережелер қолданылуға тиіс. Конкурс жария еткен, шарттарды бекітуге қатысты тұлға оферталар жасауды ұсынуды және өзіне ең жақсы жағдайлары бар оферттаға қосылу міндеттемесін алады. Ғылым, әдебиет және өнер туындыларын жасауға конкурс жария еткен кезде, нақты ісәрекеттерді жасау талап етіледі. Конкурсстық міндеттемелердің көмегімен тараптардың ара қатынасы және қажет болған кезде шарттар мен интеллектуалдық меншіктің әртүрлі объектілерін жасаудан басқа, өзге де заңдық маңызы бар ісәрекеттер реттелуі мүмкін. Конкурсстық міндеттемелер туралы нормалар Қ.Р. азаматтық кодексінің “конкурстық міндеттемелер” деп аталатын 46-тарауында (910-914-баптар) қамтылған. Аталған баптарда нормаларымен сыйақы беруге көпшілік алдында уәде беруден туындайтын конкурстық міндеттемелер және саудаластық негізінде (тендерлер, аукциондар) туындайтын міндеттемелер реттеледі.

#### **Әдебиеттер:**

##### **Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

##### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

## **14 Тақырып Интеллектуалдық меншік құқығы**

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, автор, патент, айырықша құқық т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы интеллектуалдық меншіктің түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау, интеллектуалдық меншік ережелерін саралау, азаматтық істі шешудің жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

### **Негізгі сұрақтар:**

Творчестволық қызмет және оның азаматтық құқықтағы ролі. Интеллектуалдық меншік құқығының түсінігі, ерекшеліктері. Өндірістік меншік құқығы. Творчестволық қызметті құқықтық қамтамасыз ету. Творчестволық қызметтің нәтижесін азаматтық құқықтық қорғау институттары.

Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқық. Олардың әрекет еті мерзімдері. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері. Селекциялық жетістіктерге құқық, олардың қорғалуы, мерзімі.

Авторлық құқық объектілерінің түсінігі және белгілері. Авторлық құқық субъектілері.

Авторлық шарт.

Сабақтас құқық.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдары

Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгінің ұғымы. Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгіні пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету. Патент түсінігі мен түрлері.

Қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгі.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдарының ұғымы. Фирмалық атау.

Тауардың шығу жері, атауы. Тауар және қызметтер азаматтық айналымы қатысушыларының дараландыру құралдарын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

**Тезис:** Қазақстан Республикасының “Авторлық құқық туралы” заңының 1-бабына сәйкес, осы заң ғылым, әдебиет және өнер туындыларына (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдардың хабарларын құрумен және пайдаланумен байланысты пайда болатын интеллектуальдық меншік аясындағы қатынастарды реттейді делінген. Көріп отырғанымыздай, нақты бап қандай қатынастар авторлық құқық пәні болып табылатындығы туралы анықтап бермеген.

Бұл мәселені шешу үшін, авторлық құқық азаматтық құқықтық бір бөлігі екендігін ескерген жөн, осыған сәйкес, авторлық құқық нормаларымен реттелінетін қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 1 бабында көзделген азаматтық құқықтық қатынастардың түрлері болып табылады. Осы бапқа сәйкес, азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес қатынастар реттеледі: мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген, не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды делінген.

Яғни, авторлық құқықтың пәні болып тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты ғылым, әдебиет және өнер туындыларын құрумен және пайдаланумен байланысты пайда болатын қатынастар табылады.

Авторлық құқыққа дәстүрлі болып болып автордың шығармашылық нәтижелерін пайдаланатын тұлғалар мен автордың арасындағы өзара қатынастардың шарттық нысаны табылады, себебі, мұндай құқықтық құрылым автордың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын жүзеге асыруды және қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, туындыларды шартты түрде пайдалануға бүкіл қоғам мүдделі, өйткені мұндай тәртіп оның мүшелерінің шығармашылық белсенділігін ынталандырады және қоғамның рухани байлығының кеңеюіне ықпал етеді.

Авторлық шартпен негізделетін құқықтық қатынастарға азаматтық құқықтық табиғат тән, себебі олар ақылы, мүліктік құндылыққа ие болып келеді және осы қатынастарға түсе отырып, автор да, пайдаланушы да белгілі бір мақсатта оды көздеп, оны жүзеге асыру үшін

мүмкіндіктерге ие болады, Автор қоғамға өз туындыларын жеткізуге және сыйақы (гонорар) алуға, ал пайдаланушы – оны шығаруға, туындыларын пайдалануға және пайда табуға ұмтылады.

Авторлық құқық азаматтық құқықтың құрылымдық бөлімшесі, ал авторлық шарт азаматтық құқықтың бір түрі болғандықтан, біз авторлық шартты азаматтық-құқылық шарттың түсінігін қарастырып, анықтаудан бастағанды жөн көреміз.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі бойынша азаматтық-құқықтық шарт бұл – бұл екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі (378-баптың 1 бөлімі). Өркениетті әдебиеттердегі шарттың анықтамасы мазмұны бойынша кодекске қайшы келмейді. Мысалы, көрнекті Қазақстандық өркениетті (цивилист) Ю.Г.Басин шартты екі жақты немесе қопжакты мәміле ретінде, яғни екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтармен міндеттемелерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі деп анықтайды.

Ю.Г.Басин “Сделки” оқу құралында осы ойын дамытып, әрі қарай жалғастырады, сондай-ақ мәмелені шарт деп тану үшін екі немесе одан да көп адамның жай ғана әрекеттері емес, тіпті бірыңғай мақсатқа жетуге бағытталған әрекет болса да, ең алдымен олар өзара келісілген болу керек: әрбір қатысушы саналы түрде мойындап отырған немесе екінші бір қатысушы мақұлдап отырған әрекеттерді жүзеге асырады. Егер осындай әрекеттер оқшауланған болса, және әрбір қатысушы екінші бір қатысушыға хабарламай өз бетінше әрекет етсе, ол шарт емес, мәміле болып табылады (мысалы, өсиет қалдыру және оны қалдырушы қайтыс болғаннан кейін өсиетте көзделген мүлікті мұрагердің қабылдап алуы).

Авторлық құқық ғылыми, әдеби және өзге де шығармашылық қызметті тікелей реттемейді. Ғылыми техникалық және көрвем шығармашылық процесі оның әрекет ету нормаларынан тыс жүзеге асырылады. Авторлық құқық жасалған шығармашылық нәтижелерге авторлықты тану, олардың құқықтық режимін анықтау, материалдық және моральдық ынталандыру және олардың авторларының құқықтарын қорғау қызметін атқарады. Сонымен қатар авторлық құқықтың жекелеген нормалары ғылыми-техникалық, көркем және өзге шығармашылық аясында жаңа жетістіктерді жасау, беру және пайдалануды (авторлық шарт негізінде) ұйымдастыру қатынастарын реттейді.

Авторлық шарт – бұл әдебиет және өнер туындыларын жасау және пайдалану мәселесі бойынша жасалатын шарт. Қазақстандық авторлық құқықта автордың туындыларын басқа тұлғалардың (пайдаланушылардың) пайдалануы заң актілерінде арнайы көзделген жағдайларды ескермегенде, авторлық шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттық нысан пайдаланушылардың мүдделеріне де сәйкес келеді, себебі олар туындыны пайдалануға байланысты өзге тұлғаларда жоқ белгілі бір құқықтарға ие болады және олар өз шығындарының орнын туындыларды қайта шығарумен және таратумен толтырып, пайда табуы мүмкін. Авторлық шартқа, ерекше жағдайларда, шарттың жазбаша нысаны тән, әдетте, ол консенсуалды, екі жақты және ақылы сипатқа ие болады.

#### **Әдебиеттер:**

##### **Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

##### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

**Түйінді сөздер:** шарт, міндеттеме, борышқор, несие беруші, үшінші жақтар, легат, өсиет т.б.

**Дәрістің мақсаты:** Азаматтық құқықтағы мұрагерлік құқықтың ұғымы мен кезеңдерін және ерекшеліктерін анықтау, мұрагерлікті қабылдау ережелерін саралау, мұрагерлік істі шешудің жалпы тәртібі мен ерекшеліктерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Азаматтардың меншігіне деген мұрагерліктің түсінігі мен мазмұны. Мұрагерлік құқықтың негізгі ұғымдары. Мұрагерліктің түсінігі, мазмұны және түрлері. Мұраға ие бола адмайтын азаматтар. Мұрагерлік құқық иемденушіліктің объектілері (мұра құрамы).

Өсиет бойынша мұрагерлік. Өсиет - бір тарапты мәміле, оның жасалу нысаны. Өсиетті жою. Легат. Өсиетті орындау. Заң бойынша мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлер. Заң бойынша мұрагерліктің тәртібі. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік. Мұрадағы міндетті үлес. Мұрагерлікті қорғау. Мұраны алудың тәртібі мен құқықтық салдары. Мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша несие берушілердің мұрагерлерге қоятын талабы.

**Тезис:**

Мұрагерлікке байланысты қаншама жылдар бойы ғылыми еңбектер мен зерттеулер жүргізілсе де, аталған тақырып өз өзектілігін жойған жоқ. Себебі меншік объектілерінің қатарының өсуі және соған қатысты туындайтын сұрақтар бір орында қалып қойып отырған жоқ.

Азаматтық заңнамада мұрагерлік құқық нормалары деңгейінде әрқайсымызға тиісті нормаларды табу қиын. Барлығымыз ерте ме кеш пе мұрагер рөлінде, өкінішке орай, мұраға беруші ретінде боламыз. Осыған байланысты мұрагерліктің құқықтық механизмін талқылау қызықты болып көрінеді.

Мұрагерлік – дәстүрлі түрдегі барлық құқықтық жүйелердің ең консервативті және тұрақты институты, жеке тұлға құқығын иеленудің маңызды тәсілі болып табылады. Жеке меншіктің пайда болуы мұрагерліктің пайда болуына негіз болды. Мұрагерлік институтының даму тарихы ғасырлармен өлшенеді – адамда мұраға беруге «бір нәрсе» пайда болғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін... Әдебиеттерде мұрагерлік туралы сұрақтарға әр түрлі оқулар, мектептер, концепциялар бар. Олардың кейбірін ескере кеткіміз келіп отыр. Гуго Гроций – танымал голланд заңгері, халықаралық құқықтың негізін салушылардың бірі мұрагерлік туралы құқықтық нормалар табиғат заңдарына, яғни табиғи құқыққа сай болуы керек деген қорытынды шығарған. Шарль Монтескье табиғи құқықтың мұрагерлік туралы құқыққа ешқандай қатысы жоқ, мұрагерлік туралы құқық нормалары қоғам арқылы өз мемлекетінің саяси және азаматтық заңдарымен орнатылады деген болатын. Утилитарлық мектеп (К. Гельвеций, И. Бентам, Д. Милль және т.б.) құқық нормаларынан адамның еркін ұстанымын аңғарды. Сонымен қоса, бұл мектептің оқуларына сәйкес, мұрагерлік туралы барлық заңдар жалпы адам қоғамына пайда әкелуі тиіс деген ұстанымнан шығуы керек. Неміс философы, идеалист Г. Лейбниц өз мүлкіңді өсиеттау құқығын мәңгілік өлместікпен негіздеді. Г. Гегель мұрагерлік құқық негізіне жанұя мүддесінен шығатын өнегелі бастау қажет деп санады. Мұрагерлік мүлікті ол барлық жанұя мүшелерінің ортақ мүлкі деп қарады. Жанұя басшысы азаматтық айналымда тек жанұя өкілі болып қана табылады. Мұрагерлік жанұя шеңберінен шықпайтын заң бойынша мұрагерлік қана дұрыс

Мұрагерлік құқық қандай болуы керек деген сұраққа идеологтар әр түрлі көзқарас айтты. Бірақ та, ең бастысы, оларда ауытқушылық болған жоқ. Бірақ та, ең бастысы, оларда ауытқушылық болған жоқ. Олардың барлығы жеке меншіктің атадан-балаға берілуін жақтады және олардың ешқайсысы мұрагерліктің қоғамдық мәнін қозғаған жоқ.

Мұрагерлік құқық қоғам өмірінің экономикалық, саяси және өзге де жағдайларына тәуелді дамыды. Мұрагерлік құқықтың бастауы - өндіріс затына жеке меншіктің туындауы.

Алғашқы құрылыс – адам тарихындағы бірінші қоғамдық – экономикалық формация. Ол уақыт өте келе дамуға дейін жеткен матриархатқа ауысты. Туыстық бірліктің

экономикалық негізін күшейту мақсатында дәстүр өлген адам мүлкінің туыстық шеңберден шығуына жол бермеді. Өлген адамға тиісті болған мүлік ағайындар арасында бөлінді және, көбінесе, ана жағынан туысқандарға көп үлес тиді. Жеке қолдануға арналған біршама бағалы заттар оның иесімен бірге көмілді. Егер әйел өлсе, оның мүлкі балалары мен сінділеріне тиді.

Құқық ескерткіштерінің алғашқыларының бірі болып – Вавилон заңдары табылды. Бұл Хамурапидің тақ құрған кезеңі (б.з.б.1792 – 1750 жж.). Онда өсиет бойынша мұрагерлікке тікелей бағыт жоқ, бірақ 165-бапқа сәйкес, әке беру арқылы басқа ұлдарының үлесін кеміту тәсілімен ұлының үлесін арттыруға құқылы болды. Оған негіздер жеткілікті болған жағдайда әкесі ұлын «кері қайтара» алды, яғни оны мұрагерліктен толық айыра алды (168-169- баптар). Хамурапи заңдары ата-аналарының өлімінен кейін мұрагерлікке олардың ұлдарының міндетті болуы жағдайын да қарастырды. Мұрагерлік мүлік олардың арасында теңдей бөлінді. Бұл жағдайда мұрагерлер күйеуге шығу кезінде берілген қарындастарын қамтамасыз етуге міндетті болды. Ұлдары жоқ болған кезде мұрагерлік өлген адамның қызына берілді. Өлген адамның әйелі ұлдарымен бірге мұрагерлікті жүзеге асырды. Мұрагерлік мүліктен басқа ол өз иелігіне де ие болды. Өлген кісінің немерелері егер әкелері мұраның ашылуына дейін жетпегендігі жағдайында ғана мұрагерлікке тартылды.

Афиныда өсиет бойынша мұрагерлік туралы ең бірінші Солон (б.з.д. VI ғ.). заңнамаларында айтылды. Өсиет етуші құқығы мұнда біршама шектелген. Өсиетты тек ұлы жоқ еркек қана жүзеге асыра алды. Еркек жынысты ұлы бар әкелер, асырандылар, сонымен қатар, әйелдер өсиетты жүзеге асыра алмады.

Құл иеленушілік кезеңнің мұрагерлік қатынастарын толық реттеу рим құқығында көрініс тапқан. Рим құқығы өз дамуында мемлекет кезеңін, империя кезеңін және кейінгі империя кезеңін бастан кешірді. Ежелгі гректік мұрагерлік құқықтың салыстырмалы реттелгендігі Юстиниан дигестасының XII кестесінде (527-565 жж.), Ульпиниан заңнамасында және өзге де қайнар көздерде анық көрінеді. Ежелгі Рим уақытына әр адам барлық биологиялық түр сияқты өледі деген шындық тиесілі. Ежелгі гректік мақал *momento mori* (өлімді ойла) осының айғағы.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Мамандығы: Құқықтану**

**Шифр: 6B04205**

**Пән: Азаматтық құқығы**

**Семинар сабақтарының мазмұны**

**Семинар сабақтарын жүргізудің оқу әдістемелік нұсқаулығы** бұл нұсқаулық семинар сабақтарын жүргізу барысында басшылыққа алынады. Семинар сабағының мақсатына сәйкес арнайы тапсырмалар беріледі. Тақырыпта қамтылған сұрақтарға сәйкес тәжірбиелік казустар шешіледі. Үй тапсырмасы үшін және аудиториядағы семинар сабағына студенттің қатысу белсенділігі үшін, қойылған сұрақтарға нақты жауап берген деңгейіне байланысты бағаланып қойылдады.

Бұл семинарлардың нысаны қарастырылатын тақырыптардың ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Әр тақырып талданып талқыланғаннан соң **силлабуста баллдар шеңберінде тиісті бағалануға жатады.**

### **Семинар 1. Тауарға қатысты меншік құқығын беретін міндеттемелердің ерекшелігін анықтап, талдау.**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы тауарға меншік құқығын беретін міндеттемелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Тауарға меншік құқығын беретін міндеттемелерге қатысты құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге осы міндеттемелерге қатысты құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

Тауарға меншік құқығын беретін міндеттемелердің түсінігі мен түрлері. Сатып алу-сату шартының түрлік сипаттамасы.

Сатып алу-сату шартының түсінігі және маңызы, сипаттамасы. Сатып алу-сату шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері. Мүлікті беру мерзімі, саны, сапасы бойынша шарттың талаптарын бұзған кездегі тараптардың жауапкершілігі. Кепілді мерзім және кепілді мерзімді есептеу тәртібі. Тауардың жарамдылық мерзімі. Сатушының шартты орындау сәті. Сатып алынған мүлікке сатып алушының меншік құқығының пайда болуы. Тауардың кездейсоқ бүліну немесе кездейсоқ жойылу қаупінің сатып алушыға ауысуы.

Бөлшек сатып алу-сату шартын құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Тауар жеткізілімі шартының жалпы сипаттамасы.

Айырбасшарты. Айырбасшартының түсінігі, шарттық құқықтық реттеу.

Сыйғатартушартының түсінігі және маңызы.

Сыйғатартушартының жалпы сипаттамасы.

Қайырмалдық.

#### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

#### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Ынтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

### **Семинар 2. Тауарға қатысты меншік құқығын бермейтін тек пайдалану, иеленуге қатысты туындайтын міндеттемелерің ерекшеліктерін анықтау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы тауарға меншік құқығын бермейтін міндеттемелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Тауарға меншік құқығын бермейтін міндеттемелерге қатысты құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге осы міндеттемелерге қатысты құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:** Тауарға қатысты меншік құқығын бермейтін тек пайдалану, иеленуге қатысты туындайтын міндеттемелердің түрлері мен ерекшеліктері. Мүлік жалдау шартының түсінігі, мазмұны. Мүлік жалдау шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.

Қосымша жалға беру. Мүлікті жалдау шартын орындау. Жалға алушылардың мүлікке жасаған жақсартуларының құқықтық салдары.

Мүлік жалдау шартының түрлік сипаттамасы. Тұрмыстық прокатты құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жалдаудың құқықтық ерекшеліктері.

Лизингтік қатынастардың құқықтық табиғаты.

Транспорт құралдарын жалдаудың құқықтық реттелуі. Транспорт құралдарын жалдаудың түрлік сипаттамасы.

Мүлікті тегін пайдалану шартының түсінігі мен ерекшеліктері.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Бнтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

### **Семинар 3. Жұмыс орындауға қатысты туындайтын міндеттеме ерекшеліктерін анықтау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы жұмыс орындауға қатысты туындайтын міндеттемелердің түсінігі мен ерекшеліктерін анықтау. Азаматтық құқықтағы жұмыс орындауға қатысты туындайтын міндеттемелерді құқықтық реттейтін нормаларды саралау. Бұл нормалардың құқық қолдануының тәжірибиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Жұмысты орындауға бағытталған міндеттемелердің түсінігі және жүйесі. Мердігерлік шартының жалпы сипаттамасы. Мердігерлік шартын орындамаған және тиісінше орындамаған және орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

Мердігерлік шартының түрлік сипаттамасы. Күрделі құрылысқа мердігерлік шарты.

Тұрмыстық мердігерлік шартының ерекшеліктері.

Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері. Ғылыми зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері.

Өтелмелі қызмет көрсету шарты, құқықтық ерекшеліктері, мердігерлік шартынан айырмашылығы.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..



1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Бнтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

#### **Семинар 4. Көлікке қатысты туындайтын міндеттемелер**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы көлікке қатысты туындайтын міндеттемелер мен олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Көлікке қатысты туындайтын міндеттемелердің Азаматтық құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге азаматтық құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Қазақстан Республикасының заңдары бойынша көлік түрлері. Тасымал, көлік ұйымы, шаруашылық айналымдағы құқықтық жағдайы. Тасымал түрлері, оларды құқықтық реттеу.

Тасымалдау шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Тасымал шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Тасымал шартының орындалуы. Жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Тасымалдау шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Бнтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

#### **Семинар 5. Жолаушы және жүктасмалдау, экипажбен және экипажсыз тасмалдау шартының ерекшеліктерін анықтау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы көлікке қатысты туындайтын міндеттемелер мен олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Көлікке қатысты туындайтын міндеттемелердің Азаматтық құқық нормаларын саралау. Сонымен

бірге азаматтық құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:** Тасмалдау шартының түрлері. Аралас қатынаста және тікелей тасмалдау шарттарының ерекшеліктері. Жолаушы және жүк тасмалдау шарттарының ерекшеліктері.

Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жүйесі, түрлік сипаттамасы. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, жасалуы және рәсімделуі. Көлік экспедициясы шартының орындалуы. Көлік экспедициясы шарты арқылы жүкті тасымалдау шартының ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шарты арқылы жолаушыларды тасымалдау шартының ерекше белгілері.

Көлік экспедициясы шарты бойынша наразылық беру және талап қою ерекшеліктері. Көлік экспедициясы шартының түсінігі, ерекше белгілері.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Ынтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

**Семинар 6,7. Банктік шот, банктік ақша аударым және салым шарты ерекшеліктерін анықтау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы банктік қызмет көрсету шартының түрлері, пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Банктік қызмет саласындағы құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге банктік құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

ҚР есеп-айырысу қатынастарының түсінігі, негізгі принциптері. Есеп-айырысу қатынастарын құқықтық реттеу. ҚР-дағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың түрлік сипаттамасы. Банктік қызмет ету шарты, түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері.

Банктік шот, банктік салым шарттары. Несие қатынастары. Түсінігі, несиелесу түрлері. Несие ресурстарының қайтарылуын қамтамасыз ету.

Қарыз шартының нысаны. Қарыз шартының мазмұны және орындалуы.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Ынтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

## **Семинар 8,9. Сақтандыру шарты**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт, сақтандырушы, сақтанушы, сақтандыру оқиғасы және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы сақтандыру шартының пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Сақтандыру шартынан туындайтын құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге сақтандыру құқық қатынастарын реттейтін құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

### **Негізгі сұрақтар:**

Сақтандыру бойынша міндеттемелердің түсінігі, құқықтық реттелуі. Сақтандыру бойынша міндеттемелердің мазмұны, түрлік сипаттамасы.

Сақтандыру қатынастарындағы негізгі түсініктері. Сақтандыру шартының түсінігі, мазмұны және түрлері.

Сақтандыру шарттарын тиісінше орындамаған кездегі тараптардың Сақтандыру шартының жалпы сипаттамасы. шінші жақтың пайдасына жасалатын сақтандыру шарты. Сақтандыру міндеттемелерінің орындалуы жауапкершілігі. Сақтандыру шартының тоқтатылу негіздері. Сақтандыру шартын жарамсыз деп тану, құқықтық салдары.

Сақтау шарты, түсінігі, мазмұны.Сақтау шартының субъектілері, пәні, мерзімі және нысаны. Шартты орындамаған және тиісінше орындамаған кездегі тараптардың жауапкершілігі.

### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл.өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

### **Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

## **Семинар 10. Делдалдық шарттардың ерекшелігін анықтау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт, комиссионер, комитент, өкіл және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы комиссия, тапсырма шарттарымен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Комиссия шарты мен тапсырма шартын құқықтық реттейтін құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге комиссия шарты мен тапсырма шартын тәжірбиеде қолдану арқылы тәжірбиелік даулы мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

### **Негізгі сұрақтар:**

Заңи және нақты қызмет көрсету кезінде пайда болатын азаматтық-құқықтық қатынастар.

Тапсырма шартының түсінігі және мазмұны.Тапсырма шартының тараптары, оның нысаны.Коммерциялық өкілдіктің құқықтық нысаны.Тапсырма шартының басқа ұқсас шарттардан айырмашылығы.

Комиссия шарты, түсінігі, маңызы.Комиссия шартының мазмұны және орындалуы.

Комиссия шартының түрлері.

### **Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **Семинар 11. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт, пайда алушы және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы шарттан тыс туындайтын міндеттемелердің пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің салдарынан туындайтын құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге негізсіз баю салдарынан туындайтын құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер түсінігі мен мазмұны, міндеттемені орындамаған үшін туындайтын жауапкершілік негізі. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің ерекшелігі мен мерзімі.

Сенімгерлікпен басқару шартының түсінігі мен негізгі белгілері, нысаны. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапкершілік.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **Семинар 12. Моральдік зиянды өтеу ерекшеліктері**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы моральдік зиян өтеудің пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Зиян келтіру салдарынан туындайтын құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге зиян келтіру салдарынан туындайтын құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер.

Зиян келтіру келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелердің түсінігі және шарттары. Зиянды өтеу мөлшерінің көлемі, сипаттамасы. Моральдық зиянды өтеу.

Мемлекеттік органдардың әрекетінен, жергілікті басқару органдарының және лауазымды адамдардың әрекетінен келтірілген зиян үшін жауапкершілік.

Адам өміріне, денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершіліктің ерекшеліктері. Тауарлардың, жұмыстардың қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеуі.

Моральдік зиянды өтеу негіздері мен ерекшеліктері.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Бнтымақов С. Азаматтық құқықтың практикаумы.,-Алматы 2011.

Зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелер.

### **Семинар 13. Мемлекеттік сатып алу бойынша іс жүргізуді талдау**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, тендер, аукцион, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы мемлекеттік сатып алудың пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Мемлекеттік сатып алудан туындайтын құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алудан туындайтын құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Конкурстық міндеттемелер.

Бір жақты әрекеттерден пайда болатын міндеттемелердің түсінігі. Бір жақты міндеттемелердің түрлік сипаттамасы.

Сыйақыға жария уәде беру міндеттемелері. Біржақты мәмле ретіндегі сыйақыға жария уәде беру шартының түсінігі. Лотерея, тотализатор және өзге де ойындар өткізу ерекшеліктері. Тендер және аукцион өткізу ерекшеліктері, құқықтық салдары.

Конкурстан пайда болатын міндеттемелердің орындалуы.

Мемлекеттік сатып алу түсінігі мен өткізу тәртібі. Мемлекеттік тапсырысты орындау ерекшеліктері, өткізу жағдайлары мен ерекшеліктері. Мемлекеттік тапсырыспен жасалатын міндеттемелердің орындалуы, орындалмағаны үшін жауапкершілікке тарту ерекшеліктері.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

### **Семинар 14. Авторлық, сабақтас, патент құқығы**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы интеллектуалдық меншік құқық пен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Интеллектуалдық құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге интеллектуалдық құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Авторлық құқық объектілерінің түсінігі және белгілері. Авторлық құқық субъектілері.

Авторлық шарт.

Сабақтас құқық.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдары

Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгінің ұғымы. Өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгіні пайдалануды құқықтық қамтамасыз ету. Патент түсінігі мен түрлері.

Қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өндірістік үлгі.

Тауарлар мен қызметтер азаматтық айналымының қатысушыларын дараландыру құралдарының ұғымы. Фирмалық атау.

Тауардың шығу жері, атауы. Тауар және қызметтер азаматтық айналымы қатысушыларының дараландыру құралдарын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ», 2020ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2011.

Ынтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2011.

## **Семинар 15. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлік**

**Түйін сөздер:** азаматтық қатынас, мүліктік қатынастар, жеке тұлға, заңды тұлға, мәміле, міндеттеме, шарт және т.б..

**Семинардың мақсаты:** Азаматтық құқықтағы мұрагерліктің пәні мен осы салаға ұқсас құқық қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Мұрагерлік құқық нормаларын саралау. Сонымен бірге мұрагерлік құқық нормаларын қолдану арқылы тәжірбиелік мәселелерді шешудің нақты тәртібі мен ережелерін түсіндіру.

**Негізгі сұрақтар:**

Азаматтардың меншігіне деген мұрагерліктің түсінігі мен мазмұны. Мұрагерлік құқықтың негізгі ұғымдары. Мұрагерліктің түсінігі, мазмұны және түрлері.

Мұрагерлік құқық иемденушіліктің объектілері (мұра құрамы).

Өсиет бойынша мұрагерлік. Өсиет - бір тарапты мәміле, оның жасалу нысаны. Өсиетті жою. Легат. Өсиетті орындау. Заң бойынша мұрагерлік. Заң бойынша мұрагерлер. Заң бойынша мұрагерліктің тәртібі. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік. Мұрадағы міндетті үлес. Мұрагерлікті қорғау. Мұраны алудың тәртібі мен құқықтық салдары. Мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша несие берушілердің мұрагерлерге қоятын талабы.

**Әдебиеттер: Арнайы:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2020ж..

1. 1994-ші жылғы 27 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2023ж..

2. 1999 –ші жылғы 1-ші шілдедегі Қазақстан республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). өзгертулер мен толықтыруларымен бірге, эл.база «ЮРИСТ»,2023ж..

**Қосымша:**

Сулейменов М.К. Басин Ю.Г. Гражданское право.,- Алматы 2021.

Ынтымақов С. Азаматтық құқықтың практикумы.,-Алматы 2021.